

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2024 жылғы 2 ақпандағы № 37 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 5 ақпанда № 33968 болып тіркелді.

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз**

"Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабы 1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жұмылдыру дайындығы басқармасы заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Сапаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы  
Ішкі істер министрлігі

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрі

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-2-бабы 1-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) және оның ведомстволарының қарамағындағы террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі талаптарды айқындайды.

2. Осы Нұсқаулық Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген Объектілерді террористік тұрғыдан осал объектілерге жатқызу қағидалары мен өлшемшарттарына сәйкес Министрліктің және оның ведомстволарының террористік тұрғыдан осал объектілеріне (бұдан әрі – Министрлік объектілері) қолданылады:

1) Министрлік және оның ведомстволары;

2) ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған Министрлік объектілері.

3. Осы Нұсқаулық Министрлік қарамағындағы білім беру объектілеріне қолданылмайды.

Олардың терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 30 наурыздағы № 117 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27414 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

4. Осы Нұсқаулық Министрлік объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуы жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ететін басшылардың және лауазымды адамдардың пайдалануына, сондай-ақ Министрлік объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуының жай-күйін зерделеу, тексеру және бағалау кезінде мемлекеттік және атқарушы органдардың қызметкерлеріне арналған. Нұсқаулық Министрлік объектілерінің қорғалуын, оның ішінде олардың инженерлік-техникалық беріктігін,

күзетуді ұйымдастыру тәртібін, өткізу және объектішілік режимдерді жүзеге асыруды, сондай-ақ тиісті құжаттаманы жүргізуді қамтамасыз етудің жалпы тәсілдемелерін нақтылайды.

5. Министрлік объектілерін пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 305 қаулысымен бекітілген Террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың, сондай-ақ осы Нұсқаулықтың сақталуы қамтамасыз етіледі.

6. Осы Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) байланыс жүйесі – ақпаратты (ақпарат) беруге (алмасуға), объектінің күзет қызметінің жұмысын жедел басқаруға арналған техникалық құралдар мен арнайы бөлінген байланыс арналарының жиынтығы;

2) бақылау-өткізу пункті – адамдарды және көлік құралдарын бақылауды, өткізуді, тексеріп-қарауды қамтамасыз етуге арналған арнайы жабдықталған орын;

3) бейнебақылау жүйесі – бейнебақылау камераларының, деректерді беру желілерінің, бағдарламалық және техникалық құралдарының және бейнежазбаларды сақтау құралдарының, сондай-ақ өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыратын бағдарламалық және (немесе) техникалық басқару құралдарының жиынтығы;

4) жарықтандыру жүйесі – тәуліктің қараңғы уақытында бейнебақылау жүйесі үшін жарықтандырудың қажетті деңгейін және объектідегі адамдар мен көлік құралдарын көруді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін техникалық құралдар жиынтығы;

5) инженерлік-техникалық нығайту – объектіге не оның бөліктеріне заңсыз енуге қажетті қарсы іс-қимылды қамтамасыз ететін конструктивтік элементтер, инженерлік, техникалық құралдар және (немесе) олардың жиынтығы;

6) кіруге қол жеткізуді бақылау және басқару жүйесі – кіруді бақылауға, объектіге және (немесе) оның жекелеген аймақтарына персонал мен келушілердің кіру және (немесе) шығу құқықтарын шектеуге, ақпаратты жинауға және сақтауға арналған, техникалық жағынан үйлесімді аппараттық құралдардың және (немесе) бағдарламалық қамтылымның жиынтығы;

7) объектінің периметрі – құқықбелгілеуші құжаттарға сәйкес объектінің шекарасы;

8) оқу (профилактикалық) іс-шаралары – персонал мен күзетті оқытудың алғашқы ден қою дағдыларын дарыту мақсатында нұсқамалар мен сабақ түрінде іске асырылатын алдын алу тәсілдері;

9) өткізу режимі – адамдардың заңсыз кіру (шығу), көлік құралдарының заңсыз кіру (шығу), мүлікті заңсыз кіргізу (шығару), әкелу (әкету) мүмкіндігін болдырмайтын, белгіленген тәртіпті регламенттейтін қағидалар жиынтығы;

10) таранға қарсы құрылғылар (бөгеттер) – көлік құралдарын мәжбүрлеп баяулатуға және (немесе) тоқтатуға арналған инженерлік-техникалық бұйымдар;

11) терроризмге қарсы қорғалу паспорты – объекті туралы жалпы және инженерлік-техникалық мәліметтер қамтылатын, оның терроризмге қарсы

қорғалуының жай-күйін көрсететін және террористік тұрғыдан осал объектідегі терроризм актілерінің алдын алу, жолын кесу, барынша азайту және (немесе) салдарларын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлауға арналған ақпараттық-анықтамалық құжат;

12) телевизиялық күзет жүйесі – бұзушылықтарды анықтауға және тіркеуге арналған жабық үлгідегі телевизиялық жүйе болып табылатын бейнебақылау жүйесі;

13) хабардар ету жүйесі – террористік тұрғыдан осал объектідегі адамдарды төтенше оқиғалар (апаттар, өрт, дүлей зілзала, шабуыл жасау, террористік акт) кезіндегі дабыл және қалыптасқан жағдайдағы іс-қимылдар туралы жедел хабардар етуге (жарықпен және (немесе) дыбыстық хабарлауға) арналған техникалық құралдар жиынтығы;

14) эксперимент – Министрліктің, оның террористік тұрғыдан осал ведомстволық бағынысты объектілерінің террористік актінің жасалуына кедергі келтіруге, оның зардаптарын барынша азайтуды және жоюды қамтамасыз етуге әзірлігін бағалау жөніндегі іс-шара;

15) күзет қызметінің субъектісі – Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының мамандырылған күзет бөлімшелері және бірінші кіші түрдің күзет қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жеке күзет ұйымдары.

**Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 09.09.2024 № 307 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

7. Министрлік объектілерінде терроризм актісінің жасалуына кедергі келтіру (терроризм актісінің жасалу қаупін төмендету) мыналардан тұратын кешенді шараларды орындау және шарттарды сақтау арқылы қамтамасыз етіледі:

1) ұлттық қауіпсіздік органдары айқындайтын ықтимал террористік қатерлердің сипаты мен ерекшелігін және олардың ықтимал салдарларын ескере отырып, объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларын жүргізу;

2) объектіде терроризм актісін жасауға ықпал ететін ықтимал себептер мен жағдайларды айқындау және оларды жою;

3) қажетті инженерлік-техникалық құралдармен жарақтандыру;

4) белгіленген өткізу режимін қамтамасыз ету;

5) Министрлік объектілерінің персоналын және күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерін терроризм актісінің жасалу қатеріне бастапқы ден қоюға (терроризм актісінің жасалу белгілерін анықтау, бұл туралы басшылықты, құқық қорғау және (немесе) арнайы мемлекеттік органдарды хабардар ету) даярлауды (оқытуды) ұйымдастыру;

6) терроризмге қарсы қорғалуды қамтамасыз етуге қойылатын талаптардың сақталуын бақылау.

8. Министрлік объектілерінде ықтимал террористік қауіп-қатерлердің салдарларын барынша азайту және (немесе) жою мыналардан тұратын шаралар кешенін орындау және шарттарды қамтамасыз ету арқылы қамтамасыз етіледі:

1) терроризм актісінің жасалғаны туралы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік және (немесе) ішкі істер органдарын уақтылы хабардар ету;

2) уәкілетті мемлекеттік органдар және ұйымдар, жедел басқару органдары террористік көріністерге ден қою, сондай-ақ жасалған терроризм актісі нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді барынша азайту және (немесе) жою мәселелері бойынша оқу-жаттығулар, жаттығулар мен тәжірибелер жүргізген кезде Министрлік объектісі персоналының қатысуы;

3) Министрлік объектісі персоналы мен күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлерін террористік сипаттағы қауіп-қатерлерге бастапқы ден қою дағдыларына оқыту;

4) Министрлік объектісінде терроризм актісі жасалған жағдайда персоналды және келушілерді құлақтандыруды және эвакуациялауды ұйымдастыру;

5) Министрлік объектісінің терроризмге қарсы қорғалу паспортын уақтылы жасау және өзекті жай-күйде ұстау, оны тиісінше сақтау;

6) адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін жағдайларды қоспағанда, негізгі құтқару, апаттық және өзге де қызметтер келгенге дейін терроризм актісінің салдарларын жоюға және барынша азайтуға бағытталған алғашқы ден қою шараларын ұйымдастыру үшін қажетті күштер мен құралдарды қалыптастыру;

7) Министрлік объектісінің, персоналы мен Министрлік объектісіне келушілерді тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің (сумен жабдықтау, электрмен жабдықтау, газ жабдығы, өрт сөндіру) қауіпсіздігін эвакуациялау жолдарын айқындай отырып, персоналды қорғау құралдарымен қамтамасыз ете отырып, көрсетілген қызмет учаскелеріне жауапты адамдарды белгілей отырып, қамтамасыз ету бойынша шұғыл шараларды дайындау және ұйымдастыру.

## **2-тарау. Министрлік объектілеріне өткізу режимін ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

9. Әлеуетті қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған Министрлік объектілерінде объектілерге шектеулі және бақыланатын рұқсат қағидаты қамтамасыз етіледі.

Министрлік объектілеріндегі өткізу және объектішілік режимдерді олардың басшылары белгілейді.

Ықтимал қауіпті учаскелер террористік тұрғыдан осал объектілердің меншік иесінің заңсыз іс-қимылдырды орындау ықтималдығының деңгейіне, объектінің тартымдылығына және ұйым үшін әлеуетті залалға қарай айқындалады.

Объектілердегі әлеуетті қауіпті учаскелер деп прекурсорларды сақтау орындары танылады.

10. Министрлік объектілерінде өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі негізгі іс-шаралар мыналар болып табылады:

1) объектіге келген адамдардың жеке басын куәландыратын құжаттарын, сондай-ақ адамдардың кіруіне (шығуына), көлік құралдарының кіруіне (шығуына), мүлікті әкелуге (әкетуге) құқық беретін құжаттарын тексеру;

2) көлік құралдары кірген (шыққан) кезде оларды қарап тексеру және жете тексеру;

3) күзетілетін аумақ пен қоршауда бөгде адамдар мен белгісіз заттар болмауы үшін көзбен шолып қарау;

4) күзетілетін аумаққа заңсыз жолмен кірген адамдарды мән-жайлар анықталғанға дейін ұстау және құқық қорғау органдарының қызметкерлерін дереу шақыру;

5) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес күзетілетін аумақтарда тәртіпті қамтамасыз ету, Министрлік объектісіне айқын шабуыл жасаған немесе адамдардың өміріне немесе Министрлік объектісінің қауіпсіздігіне қатер төндірген тұлғаларға қарсы дене күшін, арнайы құралдарды және/немесе табельдік қаруды қолдану;

6) терроризм актісінің белгілеріне (аумаққа тыйым салынған заттарды өткізуге әрекет, объект маңында күдікті адамдардың болуы) жедел ден қою және қажетті ақпаратты құқық қорғау органдарына дереу жеткізу;

7) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес Министрліктің және оның ведомстволарының террористік тұрғыдан осал объектілеріне алып өтуге тыйым салынған заттардың тізбесіне сәйкес Министрлік объектілеріне (объектілерінен) тыйым салынған заттарды кіргізуге (шығаруға), әкелуге (әкетуге) бақылауды жүзеге асыру.

11. Мемлекеттік күзетілуі тиіс Министрлік объектілерінде өткізу режимін ұйымдастыру "Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 7 қазандағы № 1151 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді инженерлік-техникалық нығайту жөніндегі талаптарға (бұдан әрі – Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілерді инженерлік-техникалық нығайту жөніндегі талаптар) сәйкес жүзеге асырылады.

Өткізу және объектішілік режимді ұйымдастыру тәртібін объектінің әкімшілігі әзірлейді және басшының бұйрығымен бекітіледі.

Объектінің басшысы оны ұйымдастыруға және бақылауға жауапты тұлғаларды айқындайды. Күзет қызметі субъектісімен күзет қызметтерін көрсету туралы шарт болмаған жағдайда, өткізу режимін тікелей орындайтын адамдарды тағайындау қарастырылады.

12. Өткізу режимін қамтамасыз ету мақсатында Министрлік объектілерінің басшылығы мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарын сақтай отырып, қызметтің "күзет қызметтерінің барлық түрлері, оның ішінде террористік тұрғыдан

осал объектілерді күзету" деген кіші түрі бойынша заңды тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар жекеше күзет ұйымдарымен күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасады.

13. Күзет қызметі субъектісімен күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасалған жағдайда, объект басшысы көрсетілетін күзет қызметі туралы шартта күзет қызметі субъектісі терроризмге қарсы қорғалуды және тиісті деңгейдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іске асыратын іс-шараларды көрсетеді, оларға мыналар жатады:

1) қызметкерлерге, көлік құралдарына объектіге немесе оның бөліктеріне ( аймақтарына) кіруге заңды түрде рұқсат беруді ұйымдастыру;

2) объект аумағында құқыққа қарсы пиғылы бар адамдарды, сондай-ақ оны іске асыру үшін пайдалануға болатын нәрселері мен заттарын анықтау;

3) объектіні күзету, объектінің әлеуетті қауіпті учаскелерін және тәуекелді аймақтарын қорғау (бақылау), оның ішінде оларда бөгде адамдардың бақылаусыз болуын болдырмау;

4) жасалған террористік акті нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді барынша азайтуға және жоюға бағытталған бастапқы әрекет ету іс-шараларын орындау бойынша объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамдармен оқу іс-шараларын ұйымдастыру;

5) осы Нұсқаулықтың 6-тарауында көзделген террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру талаптарына сәйкес объектіде орнатылған техникалық қорғау құралдарын дұрыс пайдалану.

Объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін адамның талаптарының заңдылығын түсіндіретін азаматтардың құқықтарын шектейтін өткізу режимінің негізгі қағидалары туралы хабарландыруларды әкімшілік объектіге кіретін жерде жалпыға бірдей қолжетімді орында орналастырады.

Объектіні күзету қызметкерінің міндеттері шартта, осы нұсқаулықты ескере отырып , объектінің әкімшілігі әзірлейтін лауазымдық нұсқаулықта, объектіні қорғау жоспарында айқындалады.

Онда күзет қызметкеріне: қызмет өткеру орны; қызмет өткеру бойынша міндеттері; кезекшілікті қабылдау және тапсыру тәртібі; үй-жайларды ашуға және нысанға кіруге құқығы бар нысанның жауапты тұлғаларының тізімі, осы жұмыскерлермен байланыс тізімі; объекті персоналының қатарынан адамдарды күзетілетін үй-жайларға жұмыстан тыс уақытта рұқсат ету тәртібі; техникалық құралдардың және байланыс жүйелерінің жарамдылығын тексеру тәртібі; төтенше жағдайлар туындаған кезде, келушілер объектіге келу қағидаларын бұзған кездегі іс-қимылдар тәртібі; аумақтық ішкі істер органдарының кезекшілерімен байланыс тәртібі; күзет бөлімшесінің басшылығына қызмет өткеру жағдайы мен нәтижелері туралы баяндау тәртібі (кезеңділігі); тамақтану уақыты мен орны айқындалады.

Күзет қызметкері кезекшілік процесінде мекеме аумағында террористік актілер жасауға жол бермеуге бағытталған іс-шаралар кешенін орындайды, ол үшін:

1) кезекшілікті қабылдау-тапсыру кезінде:

ауыспалы күзет қызметкерімен бірлесіп күдікті заттарды табу мақсатында күзетуге қабылданған аумақты аралауды және қарап-тексеруді жүзеге асыруы, табылған жағдайда басшылыққа дереу хабарлауы;

кезекшілікті қабылдаушы мен нысан басшылығына техникалық құралдар мен нысанды анықтау жүйесінің жай-күйі, кезекшілік атқару кезінде анықталған ақаулар және техникалық құралдар мен анықтау жүйесінің жұмысында туындаған іркілістер туралы баяндауы;

қолда бар құжаттамамен танысуы;

байланыс жүйесінің жұмысын және күзет, апаттық және өрт дабылының жұмысқа қабілеттілігін тексеруі;

тізімдемеге сәйкес қолда бар құжаттамаларды (нұсқаулықтар, журналдар, төтенше жағдайлар туындаған жағдайда материалдық құндылықтар) қабылдауы;

басшының рұқсатымен (кітапта жазбаша бұрыштама қою-кезекшілікті тапсыру) кезекшілікті қабылдауы (тапсыруы) қажет.

2) кезекшілік кезінде:

журналда немесе электрондық журналда (электрондық рұқсат беру жүйесі болған жағдайда) тіркеуді жүргізе отырып, өткізу режимін жүзеге асыруы;

рұқсатнама мекеме әкімшілігі айқындаған рұқсат беру құжаты негізінде мекеме аумағына автокөліктің кіруін және шығуын қамтамасыз ету. Бұл ретте жоғарыда аталған журналда машинаның маркасын, мемлекеттік нөмірін, кіру және шығу уақытын тіркеуі;

күндізгі және түнгі уақытта схема-маршрутқа сәйкес мекеме аумағын аралап, тексеруді жүзеге асыру, ал қандай да бір бұзушылықтар анықталған жағдайда басшылықты хабардар етуі;

тиісті құжаттаманы (кіруді бақылаудың электрондық жүйесі болмаған жағдайда келушілерді және автокөлікті тіркеу журналы; әкетілетін (әкелінетін), шығарылатын (енгізілетін) тауарлық-материалдық құндылықтардың жүкқұжаттарын журналға есепке алуы;

мекеме әкімшілігімен бірлесіп:

объектідегі жағдайды бақылауы;

объектінің аумағында жедел-іздістіру іс-шараларын жүргізу кезінде жедел-іздістіру қызметін жүзеге асыратын органдарға жәрдемдесуі қажет.

### **3-тарау. Профилактикалық және оқу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

14. Профилактикалық және оқу іс-шаралары (теориялық және практикалық сабақтар, нұсқамалар, тәжірибелер) Министрлік объектілерінің қызметкерлеріне



объектінің негізгі ерекшеліктері, онда террористік акті жасалған жағдайда мүмкін болатын салдарлар туралы ақпаратты, терроризм актілерінің алдын алу және объектінің аумағына бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін жеткізу мақсатында жүргізіледі. Нұсқамалар, теориялық және практикалық сабақтар осы Нұсқаулыққа 2-қосымшада көрсетілген сабақтар тақырыптарының нұсқаларына сәйкес жүргізіледі, бірақ олармен шектелмейді.

Жұмыскерлермен және күзет қызметкерлерімен эксперименттерді қоспағанда, профилактикалық және оқу іс-шараларын жоспарлауды объекті басшысының орынбасарлары қатарынан объектіні терроризмге қарсы қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ететін лауазымды адам жүзеге асырады.

Аталған іс-шараларды өткізуге объектінің орналасқан жері бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктің терроризмге қарсы комиссиясымен келісу бойынша мүдделі уәкілетті және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, сондай-ақ объектінің дайындалған жұмыскерлері тартылады.

Күзет қызметін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектісінің қызметкерлері қатарынан алынған күзет қызметкерлерімен профилактикалық және оқу іс-шараларын жоспарлауды күзет қызметі субъектісінің басшысы ұйымдастырады.

15. Министрлік объектілерінің басшылары персоналмен, сондай-ақ күзет қызметі субъектілерінің басшылары нысанды күзетуге тартылатын қызметкерлермен теориялық және практикалық сабақтарды, нұсқамаларды ұйымдастырады.

Теориялық сабақтар терроризм идеологиясының жұмыскерлер, объектіні күзететін қызметкерлер арасында таралуының алдын алуға, терроризм идеологиясын оның әртүрлі көріністерінде қабылдамауды, қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

Практикалық сабақтар жұмыскерлердің, объектіні күзететін қызметкерлердің іс-әрекеттерінің барынша үйлесімділігі мен айқындылығын қамтамасыз етуге бағытталған.

16. Теориялық сабақтар (лекциялар) барысында қажетті ақпарат (регламенттеуші нормативтік құқықтық актілердің талаптары, нұсқаулықтар, іс-қимылдар алгоритмі, Министрлік объектілерінің ерекшеліктері) жеткізіледі, ал практикалық сабақтар барысында:

1) қауіпсіз және кедергісіз эвакуация жүргізу бойынша;

2) терроризм актісі қатері төнген жағдайда;

3) объектіде күдікті адамдар мен заттар, сондай-ақ объектіге тән террористік актілер жасаудың өзге де сценарийлері анықталған кездегі персоналдың іс-қимылы пысықталады.

17. Нұсқама беру кезінде персоналға осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес террористік сипаттағы ықтимал қатерлерге Министрлік объектілеріндегі әртүрлі орта адамдарының іс-қимылдары алгоритмінде көрсетілген террористік қауіптердің объект

үшін ең ықтимал сипаты мен ерекшелігі және олар туындаған кездегі мінез-құлық тәртібі, салдарларды азайту және жою тәсілдері жеткізіледі.

18. Объектіде өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тартылатын қызметкерлермен терроризмге қарсы қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану дағдыларын алу және (немесе) жетілдіру, үй-жайларды қарап-тексеру техникасы, жарылғыш құрылғылардың орнатылуы мүмкін орындарды анықтау бойынша қосымша сабақтар өткізіледі.

19. Нұсқама өткізу сипаты мен уақыты бойынша жоспарлы және жоспардан тыс болып бөлінеді.

Жоспарлы нұсқама тиісті құжаттарды толтыру арқылы жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

Жоспардан тыс нұсқаманы Министрлік объектілерінің басшылары немесе басшының орынбасарлары, күзет қызметі субъектілерінің басшылары не жүргізілетін оқу-жаттығуларға, жаттығулар мен эксперименттерге тартылған мемлекеттік органдардың өкілдері:

- 1) объект орналасқан өңірде террористік қауіптілік деңгейі енгізілген;
- 2) террористік актіні жасаудың ықтимал қатері туралы ақпарат болған;
- 3) оқу-жаттығуларға, жаттығуларға, эксперименттерге дайындалған;
- 4) күзет іс-шараларын өткізуге дайындалған жағдайларда жүргізеді.

Жоспардан тыс нұсқама жеке немесе жұмыскерлер тобына жүргізіледі.

Жоспардан тыс нұсқаманың мазмұны оны өткізу қажеттілігін туындатқан себептер мен мән-жайларға байланысты әрбір нақты жағдайда айқындалады.

20. Практикалық және теориялық сабақтар Министрліктің террористік тұрғыдан осал объектісінің басшысы (күзет қызметі субъектісінің басшысы) бекіткен өткізу графигіне сәйкес жылына кемінде бір рет кезеңділікпен жүргізіледі.

Террористік актінің жасалу қаупі туралы жалған ақпарат таратудың алдын алу үшін жаттығулар өткізілгенге дейін 5 (бес) жұмыс күні бұрын ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелеріне хабар беріледі.

21. Өткізу режимін ұйымдастыру бойынша кезекшілікке түсетін қызметкерлермен нұсқама айына кемінде бір рет өткізіледі. Сондай-ақ, 10 (он) тәуліктен астам мерзімдегі демалыстан, іссапардан және емделуден келген адамдар міндетті түрде нұсқамадан өтеді.

22. Шабуыл жасалған кезде немесе оның жасау қаупі төнген кезде, объектіні қорғауға тартылған қызметкерлердің практикалық іс-әрекеттерін жүзеге асыру жөніндегі оқулар кезекшілік ауысымының әрбір құрамымен кемінде айына бір рет өткізіледі.

23. Профилактикалық іс-шара ретінде республикалық, облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі жедел штабы (бұдан әрі – жедел штаб) Министрлік объектісінде өткізу режимін,

объектілердің дайындығын, сондай-ақ оларды күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілердің терроризм актісінің жасалуына жол бермеуге, салдарларын барынша азайтуға және жоюға дайындығын бағалауға бағытталған эксперименттер жүргізеді. Терроризмге қарсы қорғаудағы анықталған бұзушылықтарды және эксперимент нәтижелерін эксперимент жүргізген адамдар акт түрінде рәсімдейді.

Экспертимент нәтижелері туралы акт келіп түскеннен кейін Министрлік объектісінде оның басшысы немесе орынбасарларының бірі тиісті ден қою шараларын, оның ішінде оқыту мазмұнына өзгерістер енгізу қабылдайды.

24. Нұсқамалар мен сабақтардың өткізілгендігі туралы осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес сабақтардың өткізілгендігі туралы есептілік нысандарында жазылады.

Персонал саны көп (жиырма адамнан астам) объектілер үшін көрсетілген іс-шаралардың өткізілуін құжаттандыру хаттама немесе анықтама түрінде жүзеге асырылуы мүмкін.

#### **4-тарау. Террористік көріністерге ден қою, сондай-ақ жасалған террористік акті нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша өзара іс-қимылды ұйымдастыруға қойылатын талаптар**

25. Терроризмге қарсы комиссиямен өзара іс-қимыл нысандарды терроризмге қарсы қорғаудың барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады, олардың құрылысы объект үшін лаңкестік сипаттағы ең ықтимал қауіптерді нақтылаудан басталады.

Объектіге күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан объектілердің басшылары, күзет қызметі субъектілерінің басшылары террористік актіні (актілерді) жасау немесе жасау қатеріне ден қоюға әзірлікті қамтамасыз ету шеңберінде :

1) террористік актіні (актілерді) жасау немесе жасау қаупі туралы Қазақстан Республикасының аумақтық ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдарын дереу хабардар ету бойынша;

2) ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарынан террористік акті (актілер) жасау немесе жасау қаупі туралы ақпарат алған кезде бастапқы ден қою алгоритмдерін әзірлейді.

Министрлік объектісінің басшысы объектіде террористік акті жасау (оның ішінде жасырын сипаттағы) немесе жасау қаупі туралы ақпаратты алған кезде дереу, жеке немесе өзі уәкілеттік берген тұлға арқылы, ақпаратты иелігіндегі байланыс құралдарымен аумақтық ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер органдарына, сондай-ақ карауында объектісі бар мемлекеттік органға (ұйымға) жеткізеді және осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасына сәйкес террористік сипаттағы ықтимал қатерлерге Министрлік пен оның ведомстволарының объектілеріндегі әртүрлі орта адамдарының іс-қимылдары алгоритміне сәйкес әрекет етуі қажет.

26. Телефон байланысы немесе радиобайланыс құралдарының көмегімен ақпарат ұсынған кезде ақпарат беруші тұлға өзінің атын, әкесінің атын (бар болса), тегін, лауазымын, нысанның атауын, орналасқан мекенжайын атай отырып, өзін таныстырады және объектіде террористік актінің жасалу қаупі немесе жасалуы туралы қолда бар ақпаратты хабарлайды.

27. Объектіде террористік актінің жасалу қатеріне мыналар жатады:

объектіге дайындалып жатқан террористік акт туралы хабарлама алу (оның ішінде жасырын);

қорғалатын аумаққа тыйым салынған заттарды заңсыз әкелу (көлікпен әкелу) әрекеттері;

объектінің аумағында тасталынған құрылғыларды немесе мақсаты белгісіз заттарды табу;

объект қызметкерлерінің ескертулеріне ден қоймайтын белгісіз күдікті адам немесе күдікті адамдар тобының Министрлік объектісінің маңына жиналуы.

28. Министрлік объектілерінің басшылары және (немесе) олар уәкілеттік берген адамдар ақпаратты тиісті мемлекеттік органдарға жеткізгеннен кейін дереу объектіге келуге және террористік актіні болдырмау немесе оның салдарларын жою үшін келген әлеуетті құрылымдардың қызметкерлеріне өзін таныстыруға және оларға терроризмге қарсы операцияны жүргізу үшін қажетті ақпаратты беруде көмек көрсетуге міндетті.

29. Террористік акті жұмыс уақытында жасалған немесе дағдарысты жағдайлар туындаған жағдайда, Министрлік объектісінің басшысы тағайындаған объектінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жауапты лауазымды адам бастапқы ден қою шараларын ұйымдастыруға жауапты болып табылады.

30. Жұмыстан тыс уақытта террористік акті жасалған жағдайда, күзет қызметінің субъектісі бастапқы ден қою шараларын ұйымдастыруға жауапты болып табылады, ол объектінің басшылығы немесе құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдардың өкілдері келгенге дейін бастапқы ден қою шараларын орындауды ұйымдастырады.

31. "Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы және жұмыс істеуі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 9 тамыздағы № 611 Жарлығына сәйкес жүзеге асырылатын террористік қауіптілік деңгейін белгілеу кезінде Министрлік объектілерінің басшылары немесе олардың орынбасарлары мынадай қауіпсіздік шараларын қолданады:

1) террористік қауіптіліктің "сары" деңгейінде:

объектіде өткізу режимін күшейту;

қауіпсіздік, құлақтандыру, бейнебақылау және күзет дабылы жүйелерінің жұмыс істеу қабілетін тексеру және қамтамасыз ету;

арнайы техникалық құралдарды пайдалана отырып, келушілерді, персоналды және көлік құралдарын тексеру;

алынған ақпаратқа байланысты тиісті саладағы мамандарды тарта отырып, күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерінің қызметкерлеріне, объектілердің персоналына, қызметкерлері мен жұмыскерлеріне нұсқама беру;

террористік актіні (актілерді) жасау немесе жасау қаупі төнген кездегі іс-әрекеттер бойынша персоналмен оқу іс-шараларын өткізу;

эвакуацияланған адамдардың уақытша орналасқан жерлерін, материалдық құндылықтар мен құжаттаманы айқындай отырып, объектілерді шұғыл эвакуациялау мәселелерін пысықтау;

2) террористік қауіптіліктің "қызғылт сары" деңгейі кезінде (террористік қауіптіліктің "сары" деңгейін белгілеу кезінде қабылданатын шаралармен қатар):

террористік актілерге ден қою, сондай-ақ жасалған террористік актінің нәтижесінде туындаған техногендік сипаттағы қатерлерді жою мәселелері бойынша уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, жедел штабтармен бірлескен іс-қимылдарды пысықтау;

күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жасасқан күзет қызметі субъектілерін, сондай-ақ объектілердің персоналын, қызметкерлері мен жұмыскерлерін жоғары даярлық режимінің жай-күйіне келтіру;

қауіпті өндірістік объектілердің қызметін тоқтата тұру (қажет болған жағдайда);

3) террористік қауіптіліктің "қызыл" деңгейін белгілеу кезінде (террористік қауіптіліктің "сары" және "қызғылт сары" деңгейлерін енгізу кезінде қолданылатын шаралармен қатар):

адамдарды құтқару бойынша шұғыл шаралар қабылдау, құтқару қызметтері мен құралымдарының үздіксіз жұмысына жәрдемдесу;

Министрлік нысандарының қызметін тоқтата тұру (қажет болған жағдайда);

күзет қызметін тоқтата тұру (қажет болған жағдайда).

## **5-тарау. Террористік тұрғыдан осал объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспортын әзірлеуге және онымен жұмыс істеуге қойылатын талаптар**

32. Министрліктің террористік тұрғыдан осал әрбір объектісіне объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты (бұдан әрі – паспорт) әзірленеді. "Министрліктер үйі" ғимаратында орналасқан Министрлік объектілеріне паспортты өзі баланста тұрған ұйымның басшысы жасайды.

Паспорт Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 14 маусымдағы № 481 және Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2023 жылғы 26 маусымдағы № 51 бірлескен бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32950 болып тіркелген) бекітілген

террористік тұрғыдан осал объектілердің терроризмге қарсы қорғалуының үлгілік паспортына сәйкес электрондық нұсқасын бір уақытта әзірлей отырып, екі данада жасалады.

33. Паспорт қолжетімділігі шектеулі ақпаратты қамтитын құжат болып табылады.

34. Министрлік объектісінің басшысы объектінің лауазымды адамдары қатарынан паспортты әзірлеуге, сақтауға және паспорттың деректерін уақтылы жаңартуға жауапты қызметкерді тағайындайды.

Министрлік объектілерінің басшылары жалға алынған ғимаратта (үй-жайда) орналасқан кезде жалдау шартында осы Нұсқаулықтың 5-тарауының талаптарына сәйкес паспортты әзірлейтін тараптардың және оның жұмыс істеуі мәселелерінің айқындалуын қамтамасыз етеді.

35. Паспорттың жобасы объектінің басшысы объектіні облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың террористік тұрғыдан осал объектілерінің тізбесіне енгізу туралы тиісті хабарламаны алған кезден бастап 45 (қырық бес) жұмыс күні ішінде жасалады. Қажет болған жағдайда объектінің күрделілігін ескере отырып, оның басшысы терроризмге қарсы комиссияға паспортты жасау мерзімін ұзарту туралы негізделген өтініш жібереді.

Әзірленген паспорттың жобасы жасалғаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде объектінің орналасқан жері бойынша аумақтық ішкі істер органының басшысымен келісуге жолданады.

Паспорт жобасын келісу мерзімі 15 (он бес) жұмыс күнінен аспайды.

Паспорт келісілгеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Министрлік объектісінің басшысы немесе шарттың міндеттемелерінде айқындалған адам паспортты (оның ішінде оны жаңартқан кезде) бекітеді.

Бір құқық иеленуші жасаған кезде паспортты объектінің құқық иеленушілерінің келісуі бойынша объектінің басшысы бекітеді.

Паспорттың көшірмелерінің (электрондық көшірмелерінің) саны және оларды объектінің құқық иеленушілеріне жіберу құқық иеленушілердің өзара жазбаша келісімдерінде айқындалады.

Бекітілгеннен кейін объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты жеке құжатқа тігіледі, ол істерге тігілуге жатпайды.

36. Объектінің терроризмге қарсы қорғалу паспорты қызметтік іс жүргізуде міндетті түрде тіркелуге жатады. Құжаттың бірінші данасында құжаттың көшірмелері кімге және қандай нөмірлермен жіберілгені туралы ақпарат қамтылады.

37. Паспорттың бірінші данасы (түпнұсқасы) объектінің құқық иесі болып табылатын ұйым басшысының бұйрығымен айқындалған жауапты тұлғада немесе құпия емес іс жүргізу бөлімшесінде қолжетімділігі шектеулі ақпаратпен жұмысты ұйымдастыруға қойылатын талаптарға сәйкес сақталады.

Паспорттың екінші данасы және паспорттың электрондық нұсқасы (электрондық ақпарат тасығышта PDF форматында) ол бекітілген немесе түзетілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде сақтау үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдарының аумақтық бөлімшелеріне жіберіледі.

38. Паспорт мыналар өзгерген жағдайда түзетіледі:

- 1) меншік құқығы;
- 2) объектінің басшысы;
- 3) объектінің атауы;
- 4) объектінің негізгі мақсаты;

5) объектінің, іргелес аумақта салынған құрылыстардың жалпы алаңы мен периметрі немесе үйлерді (құрылыстар мен ғимараттарды) және инженерлік жүйелерді күрделі жөндеу, реконструкциялау аяқталғаннан кейін конструкциясына өзгерістер жүргізілген;

6) объектінің ықтимал қауіпті учаскелері;

7) объектінің терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету үшін қолданылатын техникалық құралдар.

39. Паспортқа түзетулер енгізу оның өзгеру себебі туындаған сәттен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады. Жекелеген жағдайларда терроризмге қарсы комиссияның шешімі бойынша объектінің күрделілігіне және енгізілетін өзгерістерге қарай өзге де мерзімдер белгіленуі мүмкін.

Паспортқа объектінің құқық иеленушісі немесе паспортқа қол қоюға уәкілетті ұйым болып табылатын ұйым басшысының қолымен куәландырылған өзгерістер енгізіледі. Паспорттың өзгеріске ұшыраған элементтері ғана ауыстырылуға жатады. Бір мезгілде объектінің құқық иесі болып табылатын ұйым басшысының қолы қойылған тиісті өзгерістер туралы ақпарат паспорттың екінші данасына қоса тіркеу үшін Қазақстан Республикасының Ішкі істер органдарына жіберіледі.

40. Паспорт:

1) кемінде 5 (бес) жылда бір рет;

2) паспорт мәтіні тармақтарының жартысынан астамына түзетулер енгізілген жағдайда, толық ауыстыруға жатады.

41. Министрлік объектісінің басшысы жедел штаб өкілдерінің сұранымы бойынша оларға объектінің паспортын беруге міндетті.

Жедел штаб өкіліне паспорттың түпнұсқасын немесе көшірмесін беру құжаттарды шектеулі тарату үшін қойылған талаптар бойынша жүзеге асырылады.

42. Паспортты жедел штаб өкіліне шұғыл түрде беруді қамтамасыз ету мақсатында екі данада тізімдеме жасалады. Тізімдеменің бір данасы паспортпен бірге қажет болған жағдайда жедел штаб өкіліне беріледі. Тізімдеменің екінші данасы паспортты сақтауға жауапты адамда қалады.

43. Күші жойылған паспорт тиісті акт жасала отырып, комиссиялық тәртіппен жойылуға жатады.

Акт объектінің құқық иеленушісі болып табылатын ұйымда қалады.

Актінің көшірмесі паспорттың екінші данасы сақталатын орынға жіберіледі.

## **6-тарау. Террористік тұрғыдан осал объектілерді инженерлік-техникалық жабдықтармен жарактандыруға қойылатын талаптар**

44. Мемлекеттік күзетілуі тиіс Министрлік объектілерін инженерлік-техникалық жарактандыру Мемлекеттік күзетілуі тиіс объектілердің инженерлік-техникалық нығайтылуы жөніндегі талаптарға сәйкес қамтамасыз етіледі.

45. Мемлекеттік күзетуге жатпайтын Министрлік объектілерін инженерлік-техникалық жарактандыру осы Нұсқаулыққа сәйкес қамтамасыз етіледі.

46. Министрлік объектілерінің басшылары жалға алынған ғимаратқа (үй-жайларға) орналасқан жағдайда, жалға беру шартында осы Нұсқаулық талаптарына сәйкес инженерлік-техникалық жарактандыруды жүзеге асыратын тараптардың айқындалуын қамтамасыз етеді.

47. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектілерге мынадай инженерлік-техникалық жабдықтар пайдаланылады :

1) объектінің периметрін жабдықтау бойынша:

объектінің периметрін (физикалық тосқауыл), аймақтарын және жекелеген учаскелерді қоршау;

бақылау-өткізу пункттері;

таранға қарсы құрылғылар (қауіптілігі жоғары учаскелер үшін);

объектінің ғимараттарының, құрылысжайларының, оның терезелері ойықтарының нығайтылуы;

бақылау және рұқсатты басқару, қолжетімділікті шектеу, қарап-тексеру, жарықтандыру;

2) объектідегі жағдайды бақылау бойынша:

байланыс жүйесі мен құралдары;

хабарлау жүйесі мен құралдары;

күзет және дабыл сигнализациясы жүйелері мен құралдары (оның ішінде дабылды мобильді және стационарлық құралдармен беру);

телевизиялық күзет жүйелері;

3) қауіпсіздік жүйесінің жұмысын қамтамасыз ететін:

резервтік, электрмен үздіксіз жабдықтау жүйелері мен құралдары.

48. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектілер аумағының қоршауы биіктігі кемінде 2 (екі) метр темірбетон плиталарынан немесе



қалыңдығы кемінде 2 (екі) миллиметр (бұдан әрі – мм) металл табақтан жасалады. Оған іргелес құрылыстардың жалпы ансамбліне сәйкес келетін металл конструкциялардан (қалыңдығы кемінде 18 мм шыбықтан жасалған, шыбықтар арасындағы саңылауы бар металл торлы қоршау, 100 мм аспайтын) қоршаулар жасауға жол беріледі. Қоршау түзу сызықты болуы тиіс, бақылауды шектейтін және техникалық күзет құралдарын қолдануды қиындататын, артық бүгілген және иілген, сыртқа қарай шығыңқы және ойыс жерлері болмауы тиіс.

Қоршау құрылымының сипаттамасы:

1) еркін еңсеруді болдырмайтын және объектінің режимдік шарттарын қанағаттандыратын биіктігі мен жерге көмілген тереңдігі 30 (отыз) сантиметр;

2) құрылымы қарапайым, өте берік және төзімді;

3) оны еңсеруді жеңілдететін қиылыстар мен құрылымдардың болмауы.

Қоршау периметрінің сәйкес келу сипаттамалары:

1) барлық маусымдардың және тиісті климаттық аймақтардың сыртқы климаттық факторлары – ауа температурасының орташа айлық мәні, салыстырмалы ылғалдылық, 50 % қамтамасыз етілетін күрт құбылмалы климат үшін желдің жылдамдығы және барометриялық қысымға төзімділік;

2) объектінің аумағының жалғасы болып табылатын ғимараттардан басқа қандай да бір жапсарлас құрылыстардың қоршауға жанасуына жол берілмейді. Қорғалмайтын аумаққа қарайтын ғимараттардың бірінші қабаттарының терезелері металл торлармен жабдықталады, онда металл тордың тік шыбықтарының арасындағы қашықтық кемінде 150 мм болуы тиіс;

3) қоршаудың өрмелеп шығатын, ойық, бүлінген жерлерінің, сондай-ақ құлыпталмайтын есіктердің, қақпалар мен есікшелердің болуына жол берілмейді;

4) күзет жарығы және бейнебақылау жүйесімен жабдықталады.

49. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектідегі бақылау-өткізу пункттерінің саны барынша аз болуы және адамдар мен көлік құралдарының қажетті өткізу қабілетін қамтамасыз етуі тиіс.

Бақылау-өткізу пунктіндегі өткізу аймағын ұйымдастыруға мыналарды пайдалануға болады:

шлагбаумдар (қолмен немесе автоматты);

турникеттер (бақылау функциялары өту функциясымен біріктірілген жағдайда);

бөгеу құрылғылары (автоматты немесе стационарлық жол блокаторлары);

қақпа (механикалық немесе автоматты).

Бақылау-өткізу пункттері ғимараттарының (үй-жайларының) сыртқы қоршау конструкциялары (қабырғалары мен жабындары) құқыққа қайшы сипаттағы әрекеттерді қоса алғанда, сыртқы әсерлерге төзімді болуға және жақсы көрінуге тиіс. Кіреберіс қалыңдығы кемінде 4 мм металл болат есіктермен жабдықталады.

Өткізу режиміне байланысты бақылау-өткізу пунктінде рұқсаттамаларды немесе автоматты карточкаларды сақтауға арналған арнайы үй-жай көзделеді.

Келушілердің жеке заттарын сақтау камерасымен, тексеріп-қарау бөлмесімен, күзет бөлімшелерінің қызметкерлерін орналастыруға арналған қызметтік үй-жаймен, техникалық қауіпсіздік жүйелерімен (концентраторлармен, пульттермен, күзет теледидарының бейнебақылау құрылғыларымен және т.б) өту жолын (өтуді) ашу механизмін басқару құрылғыларымен, күзет жарығымен және санитариялық тораппен жабдықталады.

Автоматтандырылған немесе механикалық қол құрылғыларымен, турникеттермен, қақпалармен жабдықталған, металдардың әртүрлі түрлерін тануға қабілетті тексеруді жүргізуге арналған стационарлық және қол құралдарымен жарактандырылады.

50. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектідегі басты автокөліктік бақылау-өткізу пункті персоналдың өтуіне арналған орталық бақылау-өткізу пунктіне жақын орналасуы тиіс.

Көлік құралдарына арналған бақылау-өткізу пункті электр жетегі бар және қашықтықтан басқарылатын типтік жылжымалы немесе айқара ашылатын қақпалармен, оларды апаттық тоқтатуға және қолмен ашуға арналған құрылғылармен жабдықталады. Қақпалардың өздігінен ашылуын (қозғалуын) болдырмау үшін шектегіштермен немесе тоқтатқыштармен жаракталады.

Автокөлік құралдарына арналған бақылау-өткізу пункті қарау алаңдарымен немесе оларды қарауға арналған эстакадалармен, шлагбаумдармен жабдықталады.

Қақпаларды басқару пульті оларға бөгде адамдардың кіруіне жол бермейтін орындарда орналастырылады.

Бақылау өткізу пунктінің үй-жайы байланыс, өрт сөндіру құралдарымен жаракталады және орталықтандырылған бақылау пультіне қосылған дабыл сигнализациясы жүйесімен жабдықталады.

51. Таранға қарсы құрылғы ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектінің периметрі бойынша қауіптілігі жоғары учаскелер болған кезде көлік құралдарын мәжбүрлеп тоқтатуға арналады.

Автокөліктік бақылау-өткізу пунктіне баратын жол учаскелерінде қақпадан 30 (отыз) метрден аспайтын қашықтықта 90 (тоқсан) градусқа бұрылыс болуы тиіс. Бұл учаскелер олардың үстінен өту мүмкіндігін болдырмайтын бетон конструкциялармен қоршалуға тиіс.

Объектінің периметрі бойынша қауіптілігі жоғары аймақтардағы қоршаудың зақымдануын болдырмау үшін осы аумақтар көліктердің жылдамдығын төмендететін гүл құмыраларымен, сәулет және ландшафт элементтерімен, боллардтармен камтамасыз етіледі.

52. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған ғимаратты инженерлік-техникалық нығайту мыналарды қамтиды:

1) жеңіл конструкциялардан (шыны, мырышпен қапталған, гипсокартон, қалыңдығы кемінде 10 (он) сантиметр ағаш тақтайлар) жасалған және күрделі негізі жоқ ғимараттың бірінші қабатының сыртқы қабырғаларының учаскелері ұяшығының көлемі 150x150 мм болатын диаметрі 10 (он) мм аспайтын және ұяшығының көлемі 70x70 мм болатын диаметрі кемінде 5 (бес) мм болатын арматурадан жасалған металл тормен ішкі жағынан бекіту;

2) тікелей сақталу орындалатын ғимараттардың, құрылысжайлардың, үй-жайлардың терезе, есік ойықтарын оққа төзімді шынылармен немесе жарылыстан қорғайтын пленкамен, торлармен жабдықтау;

3) тұрақты немесе алмалы-салмалы торлармен, қақпақтармен, есіктері жабылатын құрылғылармен және техникалық күзет құралдарымен жабдықтау - объектінің ғимараты мен құрылысжайларына олар арқылы кіруге болатын құдықтар, люктер, шахталар, ашық құбырлар, арналар және құрылысжайлар арқылы кіру немесе шығу жолдары бар барлық жерасты және жерүсті коммуникациялардың техникалық талаптарын нақтылау.

53. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектіге рұқсатсыз кіруді болдырмау мақсатында оның барлық кіру есіктері кіруді бақылау және рұқсат беруді басқару жүйелерімен жабдыкталады.

54. Кіруді бақылау және рұқсат беруді басқару құралдары өткізу және нысанішілік режимді ұйымдастыру тәртібімен айқындалған кіру аймақтарын ескере отырып, ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектінің аумағына және оның бір бөлігіне қызметкерлердің, объектіге келушілердің кіруін қамтамасыз ету керек.

Террористік акті жасау әрекеті болғанда немесе ықтимал жасалғанда объективті тергеуді қамтамасыз ету, дәлелдеу базасын қалыптастыру, объект персоналының немесе бөгде адамдардың заңсыз іс-әрекеттері орын алған кезде тергеу-тексеру жүргізу мақсатында бақылау және рұқсат беруді басқару жүйелері барлық оқиғалар архивін кейін бір мағынада жіктеу үшін оларды автоматты жазба жүйесінде және 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде ақпарат тасығыштарда сақтауды қамтамасыз етеді.

55. объектіге рұқсатсыз әкелуге тыйым салынған заттар мен нәрселерді табу мақсатында ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектінің күзет бекеттері, барлық кіреберістері техникалық тексеру құралдарымен жарақталады.

56. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектілердегі техникалық жете тексеру құралдарына стационарлық және қол металл детекторлары, сондай-ақ тыйым салынған заттар мен нәрселерді анықтауға ықпал ететін техникалық құралдар жатады.

57. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектілер тәуліктің қараңғы уақытында терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында олар күзеттік жарықтандыру жүйелерімен және құралдарымен жабдықталады.

Күзеттік жарықтандыру объектінің қараңғы уақытта аумақтың кез келген нүктесінде жарықтандырылуын қамтамасыз етеді, ені 3-4 (үш-төрт) метр тұтас жолақ құрайды.

Периметр бойынша күзеттік жарықтандыру желісі сыртқы жарықтандыру желісінен бөлек орындалады және дербес учаскелерге бөлінеді.

Күзеттік жарықтандыру аспаптары ретінде жарық шашатын прожекторлар, қыздыру шамдары бар немесе ұқсас үлгідегі шырағдандар қолданылуы тиіс.

Жарықтандыру аспаптары бақылау-өткізу пункті бақылаушыларының көздеріне жарықты тура шашпайтындай етіп орналастырылуы тиіс.

Шырағдандар арасындағы қашықтық, олардың қуаты мен конструкциясы жарық нормаларына сәйкес қажетті тұтас, біркелкі жарық жолағын құратындай етіп таңдалуы керек.

Күзеттің қызметтік үй-жайлары үшін жарықтандыру нормаларын айқындау СНиП РК 2.04-05. "Табиғи және жасанды жарықтандыру" талаптарына сай жүргізілуі тиіс.

Күзеттік жарықтандыру:

1) шамдардан түсетін жарық нүктелері қабаттасып, ені кемінде 3 (үш) метр тұтас жолақ құрайтындай етіп есептей отырып, қажетті біркелкі жарықтандырумен;

2) бір учаскеде немесе бүкіл периметр бойынша ток шамадан тыс болғанда және қысқа тұйықталу жағдайында жарықтандыру автоматты түрде қосылу мүмкіндігімен;

3) жарықтандыруды басқару мүмкіндігі – кез келген учаскені немесе бүкіл периметрдің жарықтандырылуын қосу мүмкіндігімен қамтамасыз етіледі.

Күзеттік жарықтандыру шамдары қоршау сызығына тікелей жақын жерде аумақтың ішінде, қызмет көрсетуге ыңғайлы және қауіпсіз жерлерде орнатылады.

Бақылау-өткізу пункттерінің үй-жайлары, ғимараттарға кіреберістер, санатталған үй-жайлардың дәліздері қосымша апаттық жарықтандырумен жабдықталуы тиіс. Жұмыс жарығының апаттық жарыққа және кері ауысуы автоматты түрде жүзеге асырылуы тиіс.

58. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектілер

күзет бөлімшелерінің күштерін және құралдарын басқару үшін ақпаратпен алмасу мақсатында байланыс жүйелерімен және құрылғылармен жарақталады.

Жедел байланыс жүйесі мыналарды қамтамасыз етуі керек:

1) жедел байланыс жүйелері үшін белгіленген тәртіппен бөлінген 144,15 мегагерц-тен жоғары жиілік диапазонындағы жұмыстар;

2) күзет пунктіндегі кезекші мен қызмет көрсету аумағындағы күзет нарядтары арасындағы екі жақты радиобайланыс;

3) қызмет көрсету аумағы шегінде күзет нарядтары арасындағы екі жақты радиобайланыс;

4) объектінің аумағында орнатылған байланыспен қамтамасыз ету үшін жеткілікті сыйымдылық және қызмет көрсету аймағы;

5) берілетін ақпаратты қорғау;

6) негізгі жабдықты, коммутация орталығын және жүйенің диспетчерлік орталығын негізгі ток ажыратылған кезде резервтік электрмен қоректендіруге (және керісінше) автоматты түрде өту мүмкіндігі. Резервтік қоректендіру көзінен жұмыс істеу уақыты кемінде 2 (екі) сағат.

Жедел байланыс жүйесі компоненттерінің конструкциясы оларды пайдалану, қызмет көрсету және жөндеу кезінде қызмет көрсетуші персоналдың электр қауіпсіздігін қамтамасыз етуі тиіс.

59. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектілер жұмыскерлер мен объектіге келушілерді штаттан тыс жағдайдың (террористік актінің жасалу қаупі немесе жасалуы және туындаған салдарлар туралы) туындауы және олардың іс-қимылдарын үйлестіру туралы жедел хабардар ету мақсатында хабардар ету жүйелерімен және құралдарымен жарақтандырылады.

60. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектіге келушілерді, жұмыскерлерді құлақтандыру ішкі байланыс желілері бойынша: дыбыстық және айту арқылы, алдын ала әзірленген жоспарға сәйкес техникалық байланыс құралдарының (дабыл беру) көмегімен жүзеге асырылады, олар мыналарды қамтамасыз етуі тиіс:

1) ғимараттарға, үй-жайларға, адамдар ұдайы келетін объектінің учаскелеріне дыбыстық (жарық) дабыл беру;

2) қауіптілік сипаты, объектінің үй-жайларында эвакуациялау немесе бұғаттау қажеттілігі және тәртібі, персоналдың, оқушылардың және объектіге келушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған іс-қимылдар туралы автоматты режимде де, микрофон көмегімен де сөйлеу арқылы ақпарат тарату.

61. Хабарлағыштардың саны және олардың 87-ден 104 децибелге дейінгі қуаты адамдардың тұрақты немесе уақытша болатын ықтимал қауіпті химиялық және

биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектілерде қажетті түрде ақпараттың естілуін қамтамасыз етуі тиіс, эвакуация жүргізілген жағдайда, оны жүргізу үшін қажетті есептік уақыт ішінде әрекет етілуі тиіс.

62. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектілер объектіге және (немесе) объектінің қорғалатын аймағына заңсыз ену немесе енуге әрекет жасау туралы хабарламаларды анықтау және беру мақсатында күзет және дабыл сигнализациясы жүйелерімен және құралдарымен жарақтандырылады.

Күзет сигнализациясы жүйесі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тізілімінде, мемлекеттік сертификаттау органдарында аккредиттелген және тіркелген сынақ зертханаларында (орталықтарында) белгіленген тәртіппен сертификаттаудан өтеді.

Дабыл беру құралы (мобильді не стационарлық) (дабыл түймесі) күзет (өткізу) бекетінде (пунктінде) террористік актінің жасалу қаупі туралы уәкілетті органдарды уақтылы хабардар ету мақсатында орнатылады.

63. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектінің телевизиялық күзет жүйесіне кіретін бейнебақылау жүйелеріне қойылатын техникалық талаптар және бейнебақылау жүйелерінің ең төменгі техникалық мүмкіндіктері Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті төрағасының 2020 жылғы 27 қазандағы № 69-ке бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21693 болып тіркелген) бекітілген Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында (бұдан әрі – Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидалары) көзделген талаптарға сәйкес келуі тиіс.

64. Бейнебақылау жүйесі ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектідегі жағдайға бақылау жүргізу, сондай-ақ жағдайды бағалау және құқық бұзушылардың іс-әрекеттерін тіркеу үшін рұқсатсыз кіру фактісін көзбен шолып растау мақсатында орнатылады.

Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектілерді бейнебақылау жүйелері бейнежазбаларды полицияның Жедел басқару орталықтарына немесе ішкі істер органдарының аумақтық кезекші бөлімдеріне берудің техникалық мүмкіндіктерімен жүзеге асырылады.

Оқиғаларды кейіннен талдау үшін бейне ақпараттың сақталу мерзімі кемінде 30 (отыз) күнді құрауы тиіс.

65. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектінің

жеке тұрған ғимараттары (ғимараттар кешені) үшін бейнебақылау жүйесімен мыналар жабдыкталады:

- 1) объектіге іргелес жатқан аумақтың периметрі;
- 2) бақылау-өткізу пункттері (бар болса);
- 3) негізгі және қосымша кіру есіктері;
- 4) объектідегі адамдар көп болуы мүмкін орындар;

5) ұйым басшысының (меншік иесінің) қалауы бойынша микроорганизмдер штаммы коллекциясы сақталатын бөлмелерге шығу жолдары бар дәліздер.

Жапсарлас-кіріктіріліп салынған ғимараттар үшін бейнебақылау жүйесі мыналарды қамтиды:

- 1) объектіде адамдардың жаппай болуы мүмкін орындар;
- 2) негізгі және қосымша кіру есіктері (бар болса).

66. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектідегі бейнебақылау жүйесі мыналарды қамтамасыз етеді:

1) бейнебақылау камераларынан көрнекі ақпаратты техникалық құралға беру немесе күзет қызметі бекетінде орналасқан, алынған ақпаратты жинақтайтын, өңдейтін, бейнелейтін және тіркейтін техникалық құралдардың жиынтығы;

- 2) автоматты режимде жұмыс істеу;
- 3) нақты уақыт режимінде объектідегі жағдайды бағалау мүмкіндігі;
- 4) ақпаратты кемінде 30 (отыз) тәулік мерзімінде сақтау;

5) Ұлттық бейнемониторинг жүйесінің жұмыс істеу қағидаларында айқындалған тәртіппен және шарттарда Ұлттық бейнемониторинг жүйесіне қосылу.

67. Бейнебақылау камералары аумақтың бүкіл периметрін қамтиды, байқау камераларының шолуымен ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектінің және аумақтың барлық кіретін (шығатын) жерлері қамтылады.

68. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектідегі орталықтандырылған бақылау пультін күзеттің қызметтік құрылымдық бөлімшесі бөлмесінде немесе арнайы осы мақсатта жаратқандырылған бөлмеде орналастыру қажет.

69. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектідегі резервтік, үздіксіз электрмен жабдықтау жүйелері мен құралдары негізгі желілік коректендіру болмаған кезде жабдықтың кемінде 12 (он екі) сағат жұмысын қамтамасыз ететін аккумуляторлық қолдауы бар үздіксіз коректендіру көздерінің күзет сигнализациясын, кіруді бақылау және басқару жүйелерін қамтамасыз етуі тиіс.

Автономды резервтік электрмен қоректендіру көздері кіруді бақылау және басқару жүйесінің, телевизиялық бейнебақылау жүйесінің, күзет және кезекші жарықтандырудың жұмысын:

- 1) қалалар мен қала типіндегі кенттерде – кемінде 24 (жиырма төрт) сағат;
- 2) ауылдық аудандарда – кемінде 48 (қырық сегіз) сағат;
- 3) қатынауы қиын аудандарда – кемінде 72 (жетпіс екі) сағат қамтамасыз етуге тиіс.

70. Меншік иесінің, иеленушінің шешімімен ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектілерде объектінің терроризмге қарсы қорғалу деңгейін арттыруға ықпал ететін қосымша инженерлік-техникалық жабдық орнатыады.

71. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектінің инженерлік-техникалық жабдығы жұмысқа жарамды жай-күйде ұсталуы тиіс.

72. Ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық (бактериологиялық, улы) заттарды әзірлеуге, өндіруге, сынауға, зерттеуге және сақтауға тартылған объектіні террористік тұрғыдан осал объектілер тізбесіне енгізілгеннен кейін алты ай ішінде инженерлік-техникалық жабдықпен жабдықтау мүмкін болмаған жағдайда, объект басшылығы объектіні жарақтандыруға арналған қаражатты республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттен, бюджеттен тыс көздерден жоспарлау үшін шаралар қабылдайды, ал терроризмге қарсы комиссияға объектіні инженерлік-техникалық жарақтандыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының жобасы келісуге ұсынылады.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігінің және оның  
ведомстволарының  
қарамағындағы террористік  
тұрғыдан осал объектілердің  
терроризмге қарсы қорғалуын  
ұйымдастыру жөніндегі  
нұсқаулыққа  
1-қосымша

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің және оның ведомстволарының террористік тұрғыдан осал объектілеріне алып өтуге тыйым салынған заттардың тізбесі**

1. Жарылғыш заттар, жару құралдары және олар толтырылған заттар:
  - 1) кез келген орамдағы және кез келген мөлшердегі оқ-дәрілер;
  - 2) жауынгерлік патрондар (оның ішінде шағын калибрлі);
  - 3) газ қаруларының патрондары;
  - 4) аңшылық капсюльдер (пистондар);



5) пиротехникалық құралдар: сигнал және жарық беру ракеталары, сигналдық патрондар, қондыру шашкалары, түтіндегіш патрондар (шашкалар), жарғыштың сіріңкелері, бенгал оттары, теміржол петардалары;

6) тротил, динамит, тол, аммонал және жарылғыш заттар;

7) капсуль-тұтандырғыштар, электр тұтандырғыштар және тұтандыратын және от өткізгі бау;

2. Сығылған және сұйылтылған газдар:

1) тұрмыста пайдалануға арналған газдар (бутан-пропан) және басқа да газдар;

2) жүйке-салдық және көзден жас ағызатын әсері бар газ толтырылған баллондар;

3. Тұтанғыш қатты заттар:

1) өздігінен жануға бейім заттар;

2) сумен әрекеттескенде тез тұтанатын, газдарды бөлетін заттар: калий, натрий, металлды кальций және олардың қорытпалары, фосфорлы кальций;

3) ақ, сары және қызыл фосфор және тұтанатын қатты заттар санатына жататын барлық заттар.

4. Каустикалық және коррозиялық заттар:

1) күшті бейорганикалық тұз, күкірт, азот қышқылдары;

2) фторлысутегі (балқымалы) қышқылы және күшті қышқылдар мен тотықтыратын заттар.

5. Улы және улаушы заттар:

1) кез келген ыдысқа салынған сұйық немесе қатты күйдегі кез келген улы күшті әсер ететін және уландыратын заттар;

2) гидроциан қышқылының барлық тұздары және цианид препараттары;

3) циклон, цианқұйма, мырыш ангидридi;

4) объект қызметкерлеріне шабуыл жасау құралы ретінде пайдаланылуы мүмкін, сондай-ақ объектіге қауіп төндіретін қауіпті заттар, заттар мен жүктер.

6. Қару: тапаншалар, револьверлер, мылтықтар, карабиндер, атыс, газ, пневматикалық қарулар, электрошок құрылғылары, кортиктер, стилеттер, десанттық найза-пышақтар.

Ескертпе: көрсетілген тізбенің күші өзімен бірге заңды негіздерде қызметтік қару ұстайтын құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне қолданылмайды.

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігінің және оның  
ведомстволарының  
қарамағындағы террористік  
тұрғыдан осал объектілердің  
терроризмге қарсы қорғалуын

**Сабақ тақырыптарының нұсқалары**

Р/с №	Тақырыптардың атауы	Өткізу объектісі	Білім алушылар контингенті
1.	Объектінің қауіпсіздік жай-күйі туралы ақпараттың жариялануын болдырмау	Лекция	Объектінің жұмысқа алғаш қабылданған қызметкерлері
2.	Террористік тұрғыдан осал объектінің ерекшеліктері, онда террористік акті жасалған жағдайдағы ықтимал салдарлар	Лекция	Объектінің барлық қызметкерлері
3.	Үй-жайларды тексеру, жарылыс құрылғыларын салу орындарын анықтау техникасы	Лекция	Өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тартылатын қызметкерлер
4.	Объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру: құқықтық база, практикалық шаралар.	лекция	Объект басшылығы
5.	Объектілерде террористік актіні болдырмау және объект аумағына бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібі	Лекция	объект басшылығы
6.	Объектіде террористік акті жасалған жағдайларда қызметкерлердің әкімшілік жауапкершілігі	Лекция	Объектінің барлық қызметкерлері
7.	Террористік актіні жүргізу қаупі туралы анонимдік телефон қоңырауын алған кездегі объект қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі	Нұсқаулық-әдістемелік сабақтар	Объектінің барлық қызметкерлері
8.			
9.	Объектінің жанында немесе оның аумағында иесіз заттар, күдікті заттар немесе адамдар табылған кездегі объект	Нұсқаулық-әдістемелік сабақтар	

	қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі		Объектінің барлық қызметкерлері
10.	Объектіге қарулы шабуыл жасау кезіндегі объект қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі	Нұсқаулық-әдістемелік сабақтар	Объектінің барлық қызметкерлері
11.	Күдікті пошта жөнелтілімдерін анықтаған кездегі объект қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібі	Нұсқаулық-әдістемелік сабақтар	Объектінің барлық қызметкерлері
12.	Объектіні кепілге алу кезіндегі қызметкерлердің іс-қимыл тәртібі	Нұсқаулық-әдістемелік сабақтар	Объектінің барлық қызметкерлері
13.	Терроризмге қарсы қорғаудың инженерлік-техникалық құралдарын пайдалану ережесі	Практикалық сабақтар	Өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тартылатын қызметкерлер
14.	Бақылау-өткізу пунктінде көлік құралдары мен адамдарды тексеріп қарауды және тексеріп қарауды жүргізу тәртібі	Практикалық сабақтар	Өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тартылатын қызметкерлер
15.	Терроризм актісі болған немесе қаупі туындаған кезде объект қызметкерлері мен келушілерді құлақтандыру тәртібі	Практикалық сабақтар	Барлық қызметкерлер
16.	Объект қызметкерлері мен келушілерді эвакуациялауды ұйымдастыру	Практикалық сабақтар	Барлық қызметкерлер
17.	Бірінші медициналық көмек көрсету(оқпен, жарықшақпен жаралануда, ойық-тілінген,жырылған жараларда,сүйектің сынуы,буындардың шығуы,иісті газдар мен басқа да улы заттармен уланғанда,ми шайқалу, контузияда,шок алған жағдайда)	Практикалық сабақтар	Барлық қызметкерлер

Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрлігінің және оның  
ведомстволарының  
қарамағындағы террористік

## Сабақтар өткізу туралы есептілік нысандары

Сабақтарды өткізу туралы негізгі есептік құжаттар мыналар болып табылады:

- 1) терроризмге қарсы дайындық жөніндегі оқу іс-шараларды есепке алу журналы (1-нысан);
- 2) қол жеткізуді бақылау іс-шараларына қатысатын қызметкерлермен жаттығуларды өткізу кестесі (2-нысан);
- 3) қол жеткізуді бақылау іс-шараларына қатысатын қызметкерлермен нұсқамалардың өткізу кестесі (3-нысан);
- 4) практикалық объектілік жаттығуды дайындау және өткізу жоспары (4-нысан);
- 5) теориялық сабақтардың өткізілген тақырыптары бойынша дәріс материалдары.

1-нысан

## Терроризмге қарсы дайындық бойынша оқу іс-шараларын есепке алу журналы

### (ұйымның атауы) (негізгі парақ)

Терроризмге қарсы даярлық бойынша оқу іс-шараларын өткізуді есепке алу журналы № \_\_\_\_

Журналды жүргізудің басталған күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_

—  
Журналды жүргізудің аяқталған күні 20 \_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_

\_\_\_\_  
(ішкі жағы)

### 1-бөлім. Нұсқамалар

Р/с №	Нұсқаманы өткізу күні	Нұсқама өтушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және лауазымы	Нұсқама түрі	Нұсқама өткізушінің аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және лауазымы	Нұсқама алушының қолы	Нұсқама өткізген адамның қолы
1	2	3	4	5	6	7
1.			Жоспарлы			

2.			Жоспарлы			
3.			Жоспардан тыс			

1) жоспарлы нұсқау барысында қызметкерлерге терроризм актісі болған жағдайда барлық ықтимал жағдайлар кезіндегі іс-қимыл алгоритмдері жеткізіледі, ал жоспардан тыс нұсқаулардың тақырыбы өткізілетін оқу-жаттығулардың, жаттығулар мен тәжірибелердің тақырыбына байланысты болады;

2) терроризмге қарсы бағыттағы өткізілетін жоспарлы нұсқауларды құжаттамалық ресімдеуді қолмен жазу тәсілімен де, аралас - қолмен және баспа тәсілімен де жүзеге асыруға жол беріледі. 3, 4 және 5-бағандарды баспа түрінде толтыруға жол беріледі (егер нұсқауды сол бір қызметкер жүргізсе), журналдың қалған бағандарын нұсқауды тыңдаған адам өзі толтырады;

3) өткізу күні толық көрсетіледі (күні, айы және жылы);

4) объектінің персоналымен жоспардан тыс нұсқама жүргізу осы журналда құжатталады, ал "Нұсқама түрі" бағанында "жоспардан тыс", "№ \_\_\_\_ телефонограмма бойынша", "террористік қауіптілік деңгейі бойынша" деген жазба қоюға жол беріледі.

## 2-бөлім. Сабақтар

Күні	Сабақтың тақырыбы	Оқу сұрақтары	Қатысқан қызметкерлердің саны	Сабақ өткізген адамның қолы
1	2	3	4	5
	Жарылғыш құрылғыға ұқсас күдікті зат табылған кездегі іс-әрекеттер	1. жарылғыш құрылғылардың негізгі белгілері; 2. күдікті заттарды тапқан кездегі қызметкерлердің іс-әрекеттері; 3. күдікті заттардың түріне байланысты коршау аймақтары.		

Сабақ тақырыбы мен оқу сұрақтары жалпы сипатта емес, нақтыланған болуы тиіс.

2-нысан

"Бекітемін"

Объект басшысы

\_\_\_\_\_  
аты, әкесінің аты (бар болса), тегі

20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

20 \_\_\_\_ жылға арналған өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тартылатын қызметкерлермен жаттығулар өткізу кестесі (құрылтай құжаттарына сәйкес объектінің атауы)

--	--	--	--	--

Р/с №	Жаттығу тақырыбының атауы	Шынығатын ауысым	Өткізу күні	Ескерту
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				

Мекемедегі терроризмге қарсы қызметке жауапты болып тағайындалған адамның лауазымы

3-нысан  
"Бекітемін"  
Объект басшысы

\_\_\_\_\_  
аты, әкесінің аты (бар болса), тегі  
20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

**20\_\_\_\_\_жылға арналған өткізу режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларға тартылатын қызметкерлермен нұсқама өткізу кестесі (құрылтай құжаттарына сәйкес объектінің атауы)**

Р/с №	Жаттығу тақырыбының атауы	Шынығатын ауысым	Өткізу күні	Ескерту
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				

Мекемедегі терроризмге қарсы қызметке жауапты болып тағайындалған адамның лауазымы

Егер мекеме қызметкері (жұмыскері) қандай да бір себептермен (ауру, еңбек демалысы) нұсқама жүргізу кезінде болмаса, онымен тақырыпты зерделеу жеке, ағымдағы тоқсан аяқталғанға дейінгі кез келген күнде жүргізіледі.

4-нысан  
"Бекітемін"  
Объект басшысы

\_\_\_\_\_  
аты, әкесінің аты (бар болса), тегі  
20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_

## Практикалық объектілік жаттығуды дайындау және өткізу жоспары

1. Тақырыбы: "Жарылғыш затқа ұқсас күдікті затты анықтаған кездегі іс-қимыл".

2. Жаттығудың мақсаты:

1) қызметкердің жарылғыш құрылғыға ұқсас күдікті зат табылған жағдайда өз бетінше, тез және қатесіз бағдарлану дағдылары мен қабілетін дамыту, іс-қимылдардың шешуші бағытын айқындау және төтенше жағдайларды жою бойынша дұрыс шаралар қабылдауы.

2) ықтимал терроризм актілерін болдырмау дағдылары мен іс-қимылдарына үйрету, күдікті зат анықталған кезде хабарлау және эвакуациялау тәртібіне үйрету болып табылады.

3) адамдар мен материалдық құндылықтарды құтқару және эвакуациялау тәсілдері мен тәсілдеріне үйрету.

4) объект қызметкерінің құқық қорғау органдарымен, авариялық-құтқару қызметтерімен өзара іс-қимыл жасау тәртібі мен қағидаларына оқыту;

5) құқық қорғау органдарының бөлімшелері мен авариялық-құтқару қызметтері келгенге дейін объект басшысының жаттығуға қатысушылардың іс-қимылын нақты үйлестіру, объект қызметкерлерінің эвакуациялауды ұйымдастыру іскерлігін тексеру.

3. Объектілік жаттығуға қатысушылардың құрамы: объект басшылығы, инженерлік-техникалық қызметкерлер, персонал, құқық қорғау органдары мен авариялық-құтқару қызметтерінің қызметкерлері (келісу бойынша). "\*"

"\*" – аталған санат іс-шараға қатысқанда.

4. Жаттығу кезеңдері:

Р/с №	Іс-шаралар	Өткізу күні мен уақыты	Өткізу орны	Жауапты орындаушы	Орындалғаны жөнінде белгі
Бірінші дайындық кезеңі					
1.	Жаттығу өткізу жөніндегі құжаттарды әзірлеу жөніндегі басшының нұсқауларын төраға орынбасарларының назарына жеткізу	20__ жылғы " __ " _____	Төраға кабинеті	Төраға	
	Жаттығу өткізу бойынша құжаттарды әзірлеу, құжаттарды тартылатын құқық қорғау органдары				

2.	бөлімшелерімен және авариялық-құтқару қызметтерімен келісу"*"және оларды объект басшысында бекіту	20__ жылғы " __ " _____	Қызметтердің орналасу орны Директор кабинеті	Жаттығу жетекшісі	
Екінші дайындық кезеңі					
3	Жаттығуды дайындау және өткізу жоспарын, сондай-ақ әдістемелік материалдарды объект қызметкерлерінің назарына жеткізу	20__ жылғы " __ " _____	Акт залы	Жаттығу жетекшісі	
4.	Қызметкерлердің барлық санаттарымен қосымша сабақтар өткізу, күдікті зат табылған немесе эвакуациялау туралы өкім алған кезде объект жұмысшыларының өз іс-қимыл тәртібін білуін тексеру	20__ жылғы " __ " _____	Акт залы	Жаттығу жетекшісі	
5.	Құлақтандыру жүйесінің және эвакуациялау жолдарының жай-күйіне жауап беретін қызметкерлермен қосымша нұсқаулық өткізу	20__ жылғы " __ " _____	Акт залы	Жаттығу жетекшісі	
6.	Жаттықтыруды өткізуге дайындығы туралы Төрағаға баяндама	20__ жылғы " __ " _____	Төраға кабинеті	Жаттығу жетекшісі	
Практикалық жаттығу өткізу					



7.	Практикалық жаттығу өткізу: күдікті заттың табылғаны туралы сигнал беру; эвакуацияны жүргізу; құқық қорғау органдары мен авариялық-құтқару қызметтері қызметкерлерінің кездесуін ұйымдастыру	20__ жылғы " _ " ____	Объектінің ғимараты	Төраға Жаттығу жетекшісі	
Жаттығуды қорытындылау					
8.	Объект жұмысшыларымен жаттығуды талдау	20__ жылғы " _ " ____	Объектінің ғимараты	Жаттығу жетекшісі	
9.	Жаттығуды өткізу қорытындысы бойынша анықтама дайындау	20__ жылғы " _ " ____	Әдістемелік кабинет	Жаттығу жетекшісі	
10.	Анықталған кемшіліктерді жою бойынша міндеттер қоя отырып, жаттығу қорытындысы бойынша бұйрық дайындау	20__ жылғы " _ " ____	Төраға кабинеті	Жаттығу жетекшісі	

### Объект басшысы

Іс-шаралар тармақтарының саны және олардың атауы түпкілікті және толық міндетті болып табылмайды. Ұпайлар сабақтың тақырыбына және қызметкерлердің дайындық деңгейіне байланысты өзгеруі мүмкін. "Орындалуы туралы белгі" бағанында әрбір өткізілген іс-шараның нәтижелері бойынша "Орындалды" деген жазба жазылады.

Қазақстан Республикасы  
 Ауыл шаруашылығы  
 министрлігінің және оның  
 ведомстволарының  
 карамағындағы террористік  
 тұрғыдан осал объектілердің  
 терроризмге қарсы қорғалуын  
 ұйымдастыру жөніндегі  
 нұсқаулыққа  
 4-қосымша

**Террористік сипаттағы ықтимал қатерлерге Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі мен оның филиалдары объектілеріндегі әртүрлі орта адамдарының іс-қимылдары алгоритмі**

**"Қарулы шабуыл қаупі туындаған кездегі іс-қимылдар"**

1. Қарулы шабуыл қаупі туындаған кездегі қызметкерлердің іс-әрекеттері:

1) аймақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарын, күзетті, жұмысшыларды, объект басшылығын қарулы шабуыл жасау фактісі мен мән-жайларды кез келген тәсілмен хабардар ету.

2) қорғану, ғимараттан ақырын шығу немесе бөлмеде жасырыну, есікті бұғаттау, аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдары қызметкерлерінің келуін күту;

2. Объектінің жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің қарулы шабуыл жасау қаупі туындаған кездегі іс-әрекеттері:

1) қарулы қаскүнемді анықтау;

2) объектіде адамдар жаппай болатын орындарға оның жылжуын бұғаттау;

3) қарулы шабуыл жасау фактісі туралы объект басшылығына, аумақтық ішкі істер, Ұлттық қауіпсіздік органдарына хабарлау;

4) объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қолдану;

5) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

3. Объект басшылығының қарулы шабуыл жасау қаупі туындаған кездегі іс-әрекеттері:

1) қарулы шабуыл жасау фактісі мен мән-жайлары туралы аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарын дереу хабардар ету;

2) объектіде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараны ұйымдастыру (эвакуациялау, ішкі кедергілерді оқшаулау, объектідегі тосын жағдай туралы хабарлау);

3) объект қызметкерлерінің терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабпен өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

**"Кепілге адам алу қаупі туындаған кездегі іс-қимылдар"**

4. Кепілге адам алу қаупі туындаған кездегі объект жұмыскерлерінің іс-қимылдары:

1) қорғану, кепілге алынбау, ғимараттан байқатпай шығу немесе үй-жайға тығылу, есікті бұғаттау, аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының қызметкерлері келгенге дейін ұстамдылық таныту;

2) кез келген қолжетімді тәсілмен және өз қауіпсіздігіне кепілдік берілген қамтамасыз ету шартымен ғана аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарын кепілге алудың мән-жайлары мен кепілге алынғандар, қаскүнемдер туралы (саны, қару-жарағы, жарактануы, жасы, лақап аты, ұлты) туралы хабардар ету.

5. Объектінің күзет ұйымы қызметкерлерінің кепілге адам алу қаупі туындаған кездегі іс-қимылдары:

- 1) қарулы қаскүнемдерді анықтау;
- 2) оны/олардың объектіде адамдар жаппай болатын орындарға жылжуын бұғаттау;
- 3) кепілге алуға оқталу фактісі мен мән-жайлары туралы объект басшылығына, аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарына кез келген тәсілмен хабарлау;
- 4) объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдау (эвакуациялау, теріс пиғылдылар жолындағы ішкі кедергілерді бұғаттау);
- 5) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету (кепілге алынбау).

6. Кепілге адам алу қаупі туындаған кездегі объект басшылығының іс-қимылы:

- 1) кепілге адам алуға әрекет жасау фактісі мен мән-жайлары туралы қолжетімді тәсілмен аумақтық ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарын дереу хабардар ету;
- 2) объектіде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдауды ұйымдастыру (эвакуациялау, ішкі кедергілерді бұғаттау, объектідегі тосын жағдай туралы хабарлау);
- 3) объект қызметкерлерінің терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабпен өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

### **"Кепілге адамалу кезіндегі іс-қимылдар"**

7. Объект персоналының іс-қимылдары:

- 1) қорғану: кепілге алынудан аулақ болу, ғимараттан байқатпай шығу немесе үй-жайда тығылу, есікті құлыптау, тәртіп сақшылары келгенге дейін немесе ғимараттан кету үшін қауіпсіз болғанға дейін бола тұру;
- 2) мүмкіндігінше кез келген қолжетімді тәсілмен және тек қана өз қауіпсіздігі кепілдендірілген жағдайда ғана құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды қамтамасыз ету шартымен ғана кепілге алу мән-жайлары мен теріс пиғылдағы адамдар туралы (саны, қару-жарақ, жарақтандыру, жасы, лақап аты, ұлты) хабардар ету.

8. Объекті күзетінің іс-қимылдары:

- 1) қарулы теріс пиғылдыны (ларды) анықтау;
- 2) мүмкіндігінше оның объектідегі адамдардың жаппай болатын жерлеріне қарай жылжуына тосқауыл қою;
- 3) объектінің басшылығын, құқық қорғау және/немесе арнаулы мемлекеттік органдарды кепілге алуға оқталу фактісі мен мән-жайлары туралы кез келген тәсілмен хабардар ету;
- 4) объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын қабылдау (эвакуациялау, қараниеттілердің жолындағы ішкі кедергілерді бұғаттау);
- 5) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету (кепілге алынудан аулақ болу).

9. Объект басшылығының іс-қимылдары:

1) құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарды және/немесе үшінші тұлғаларды кепілге алу әрекетінің фактісі мен мән-жайлары туралы кез келген қолжетімді тәсілмен дереу хабардар ету;

2) мүмкіндігінше объектіде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын ұйымдастыру (эвакуациялау, ішкі кедергілерді бұғаттау, объектіде штаттан тыс жағдай туралы хабарлау);

3) мүмкіндігінше терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабтың келетін күштермен өзара іс-қимылын ұйымдастыру.

### **"Арнайы бөлімшелер қызметкерлерінің кепілге алынған адамдарды босату жөніндегі операцияны ұйымдастыру кезіндегі іс-қимылдары"**

10. Арнайы бөлімшелер қызметкерлерінің кепілге алынған адамдарды босату жөніндегі операцияларды жүргізуі кезінде Министрлік объектісі қызметкерлерінің іс-қимылдары:

1) еденге төмен қарап жатып, қабырғаға жақындап, басты қолдарымен жауып, қозғалмау;

2) құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қарама қарсы жүгіруге немесе олардан қашуға болмайды, өйткені олар жүгірушіні қылмыскер деп қателесуі мүмкін;

3) есіктер мен терезелердің саңылауларынан аулақ болу;

4) шабуыл жасау және басып алу кезінде жәбірленушімен (жеке басын анықтағанға дейін) ықтимал қылмыскер сияқты біршама қате әрекет етілуі мүмкін, ашуланбау қажет. Босатылған, кепілге алынған адамды тінту, кісендеу, байлау, эмоционалды немесе физикалық жарақат салынуы, жауап алынуы мүмкін. Бұған түсіністікпен қарау керек, өйткені мұндай жағдайлардағы шабуылдаушылардың мұндай әрекеттері (барлық адамдарды түпкілікті сәйкестендіруге және шынайы қылмыскерлерді анықтауға дейін) ақталады.

### **"Күдікті затты анықтау кезіндегі іс-қимылдар"**

11. Қызметкерлердің күдікті затты анықтаған кездегі іс-қимылдары:

1) қол тигізбеу, жақындамау, қозғамау;

2) иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналасындағылардан сұрау;

3) радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы байланыс құралдарын осы затқа жақын пайдаланудан бас тарту;

4) анықтау уақыты мен орнын жазып алу;

5) күдікті заттың табылғаны туралы объектінің күзетіне және қызметкерлеріне немесе аумақтық ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер органдарының кезекші бөлімдеріне дереу хабарлау қажет;

6) жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың сыртқы түрін және оны табудың маңызды мән-жайларын сипаттауға дайын болу;

7) дүрбелең туғызбау үшін болған оқиға туралы білуі қажет адамдардан басқа ешкімге жарылыс қаупі туралы хабарламау;

8) күзетпен бірге бөгде адамдардың күдікті затқа және қауіпті аймаққа кіруін шектеуді ұйымдастыру;

9) қауіпті аймаққа іргелес аумақтан адамдарды ұйымдасқан түрде эвакуациялауды қамтамасыз етуге көмектесу;

10) өмірге қауіп төнген жағдайда қорғауды қамтамасыз ететін заттардың (ғимараттың бұрышы, колонна, қалың ағаш, автомашина) артын паналау, бақылау жүргізу;

11) күдікті адам немесе өзімен бірге жарылғыш құрылғылары немесе жарылғыш заттары болуы мүмкін адамдар тобы анықталған жағдайда объектінің күзетіне, құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарға хабарлау (саны, қаруы, жарактандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты);

12) келушілерді эвакуациялауды ұйымдастыруда басшылыққа және күзетке жәрдем көрсету;

13) күрделі құрылыстың артына және қажетті қашықтықта жасырыну мүмкін болмаған жағдайда объектіден кету.

12. Күзет ұйымы қызметкерлерінің күдікті зат табылған кездегі іс-қимылдары:

1) қол тигізбеу, жақындамау, қозғамау;

2) иесіз заттың ықтимал иесін анықтау үшін айналасындағылардан сұрау;

3) радиобайланыс құралдарын, оның ішінде ұялы байланыс құралдарын осы затқа жақын пайдаланудан бас тарту;

4) анықтау уақыты мен орнын жазып алу;

5) күзетте күдікті заттың табылғаны туралы объектінің қызметкеріне не құқық қорғау органдарына дереу хабарлау;

6) жарылғыш құрылғыға ұқсас заттың сыртқы түрін және оны табудың маңызды мән-жайларын сипаттауға дайын болу;

7) дүрбелең туғызбау үшін болған оқиға туралы білуі қажет адамдардан басқа ешкімге жарылыс қаупі туралы хабарламау;

8) күдікті затқа және қауіпті аймаққа бөгде адамдардың қажетті қашықтықтан кіруін шектеуді қамтамасыз ету;

9) қауіпті аймаққа іргелес аумақтан адамдарды ұйымдастырылған эвакуациялауды қамтамасыз ету;

10) өмірге қауіп төніп тұрған кезде қорғауды қамтамасыз ететін заттарды (ғимараттың бұрышы, колонна, қалың ағаш, автомашина) паналау, бақылау жүргізу;

11) күдікті адам немесе өзімен бірге жарылғыш құрылғылары немесе жарылғыш заттары болуы мүмкін адамдар тобы анықталған жағдайда күзетке, құқық қорғау және (

немесе) арнаулы мемлекеттік органдарға хабарлау (саны, қаруы, жарақтандырылуы, жасы, лақап аты, ұлты)

13. Күдікті зат анықталған кездегі басшылықтың іс-қимылдары:

1) құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдарға күдікті адамның анықталғаны немесе иесіз заттың табылғаны туралы дереу хабарлау;

2) қажетті қашықтықта иесіз күдікті заттың табылған орнын қоршауды ұйымдастыру;

3) адамдарды объектіден көшіруді ұйымдастыру, объектідегі штаттан тыс жағдай туралы хабарлау;

4) күдікті заттарды табу мақсатында үй-жайларды аралауды және аумақтарды қарауды қамтамасыз ету;

5) объект қызметкерлерінің терроризмге қарсы күрес жөніндегі жедел штабпен өзара іс-қимылын ұйымдастыру, қажетті ақпарат беру.

14. Жарылғыш құрылғыны көрсетуі мүмкін белгілер:

1) табылған затта сымдардың, жіптердің, изолянтаның болуы;

2) зат шығаратын күдікті дыбыстар, шертулер, сағаттың тықылы;

3) заттан бадамға тән немесе ерекше иіс шығады;

4) табылған заттың әдеттен тыс орналастырылуы;

5) табылған затта сыртқы белгілері бойынша антеннаға ұқсас қоректендіру көздерінің, сымдардың әртүрлі түрлерінің анықталуы.

15. Жарылғыш құрылғы (ЖҚ) немесе ЖҚ тәрізді зат анықталған кезде алып тастау және (немесе) қоршау қашықтығы:

1) РГД гранатасы - 5-50 метр;

2) Ф-1 гранатасы-200 метр;

3) салмағы 200 грамм тротил шашкасы – 45 метр;

4) салмағы 400 грамм тротил шашкасы - 55 метр;

5) сыра құтысы 0,33 литр - 60 метр;

6) дипломат (кейс) - 230 метр;

7) жол чемоданы - 350 метр;

8) жеңіл автомашина - 460-580 метр;

9) шағын автобус - 920 метр;

10) жүк көлігі (фургон) – 1240 метр.

**"Жанкешті террористерді" қолдана отырып жасалған шабуыл кезіндегі іс-қимылдар**

16. "Жанкешті террористі" қолдану арқылы шабуыл жасау кезіндегі іс-қимылдар:

1) қорғану, ғимараттан байқатпай шығу немесе үй-жайда тығылу, есікті құлыптау, құқық қорғау органдарының қызметкерлері келгенше күту;

2) құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарды, күзетті, қызметкерлерді, объектінің басшылығын қарулы шабуылдың фактісі мен мән-жайлары туралы кез келген тәсілмен хабардар ету.

17. Күзет ұйымы қызметкерлерінің "жанкешті террористі" қолдана отырып жасалған шабуыл кезіндегі іс-қимылдары:

1) оны/олардың объектіде адамдар жаппай болатын орындарға жылжуын бұғаттау;

2) күдікті адамның немесе адамдар тобының анықталғаны туралы объект басшылығына, құқық қорғау және/немесе арнайы мемлекеттік органдарға кез келген тәсілмен хабарлау;

3) объектідегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге шаралар қабылдау (эвакуациялау, ішкі тосқауылдарды бұғаттау);

4) қажет болған жағдайда объект бойынша (жеке өзі не бейнебақылау жүйесі арқылы) күдікті адамның немесе адамдар тобының жүріп-тұруын байқауды ұйымдастыру;

5) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

18. Басшылықтың "жанкешті террористерді" қолдана отырып шабуыл жасау кезіндегі іс-әрекеттері:

1) объектіде күдікті адамның немесе адамдар тобының анықталғаны туралы құқық қорғау және (немесе) арнаулы мемлекеттік органдарға дереу ақпарат беру;

2) құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне қаскүнемді анықтау және ұстау уақытын қысқарту үшін күдікті адам туралы барынша толық ақпарат беру;

3) адамдарды ұйымдасқан эвакуациялауды қамтамасыз ету;

4) өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

### **Телефон арқылы қауіп-қатер алған кездегі іс-қимылдар**

19. Телефон арқылы қауіп-қатер алушының (басшы, қызметкер, күзет ұйымының қызметкері) іс-қимылы:

1) әңгіме барысында қоңырау шалушының жынысын, жасын және оның сөйлеу ерекшеліктерін белгілеңіз:

2) дауыс (қатты немесе тыныш, төмен немесе жоғары);

3) сөйлеу қарқыны (жылдам немесе баяу);

4) айтылуы (айқын, бұрмаланған, сақау, сыбырлап, екпінмен немесе диалектімен);

5) сөйлеу тәсілі (күлкілі, мазақ, әдепсіз сөздермен);

6) дыбыстық фонға (автомобиль немесе теміржол көлігінің шуы, теле - немесе радиоаппаратураның дыбысы, дауыстар), қоңырау сипатына (қалалық, қалааралық) назар аударыңыз;

7) сөйлесудің нақты басталу уақытын және оның ұзақтығын белгілеңіз;

8) әңгімелесу барысында мынадай сұрақтарға жауап алуға тырысыңыз:

бұл адам қайда, кімге, қандай телефон арқылы қоңырау шалды?

ол қандай нақты талаптар қояды?

жеке талап қояды немесе делдал ретінде әрекет етеді және қандай да бір адамдар тобын білдіреді ме?

ол немесе олар ойға алған ісінен қандай шарттарда бас тартуға келіседі?

онымен қалай және қашан байланысуға болады?

сіз бұл қоңырау туралы кімге хабарлай аласыз немесе хабарлауға тиіссіз?

9) Сіз және басшылық шешім қабылдау немесе қандай да бір іс-әрекет жасау үшін қоңырау шалушыдан барынша көп уақыт аралығына қол жеткізуге тырысыңыз;

10) сөйлесу барысында немесе сөйлесу аяқталғаннан кейін дереу ішкі істер органдарының "102" арнасына немесе "112" бірыңғай кезекші-диспетчерлік қызметіне және Министрлік объектісінің басшылығына телефон қатері туралы хабарлау қажет.